

Бақылауға жататын, құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды сақтау, есепке алу, жазып беру, босату Ережелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 11 мамырдағы N 428 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 31 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1604. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 7 сәуірдегі N 173 Бұйрығымен (V053599)

"Қазақстан Республикасында есірткілік дәрілердің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру Ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 қарашадағы N 1693 қаулысын жүзеге асыру мақсатында және бақылауға жататын, құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды сақтауды, есепке алуды, жазып беруді, босатуды реттеу үшін

БҰЙЫРАМЫН:

1 . М ы н а л а р :

1) Бақылауға жататын, құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарға рецепттер, талаптар жазу мен босату Е р е ж е л е р і ;

2) II Санаттағы дәрілік заттарға арнайы рецептуралық бланкілер үлгісі;

3) Дәріхана қоймаларында бақылауға және арнайы рецептуралық бланкілерге жататын, құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды сақтау, есепке алу және босату Ережелері;

4) Дәріханаларда бақылауға жататын, құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды сақтау мен есепке а л у Е р е ж е л е р і ;

5) Емдеу-алдын алу ұйымдарында бақылауға және арнайы рецептуралық бланкілерге жататын, құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды сақтау мен есепке алу Ережелері;

6) Емдеу-алдын алу ұйымдарында онкологиялық науқастар пайдаланбаған арнайы рецептуралық бланкілерге жататын, құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды есептен шығару мен ж о ю Е р е ж е л е р і ;

7) Дәрілік заттарды оларды ұстайтын сынақ лабораторияларында (

орталықтарында) бақылауға жататын, құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды сақтау мен есепке алу Ережелері;

8) Дәрілік заттарды оларды ұстайтын ғылыми-зерттеу институттары мен оқу орындарында бақылауға жататын, құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды сақтау мен есепке алу Ережелері;

9) Дәріхана және емдеу-алдын алу ұйымдарынан құрамында бақылауға жататын, есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды талан-таражға салу мен ұрлау туралы Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитет пен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігіне ұсынылатын кезекті хабарлау үлгісі бекітілсін.

2. Бақылауға жататын есірткі құралдары және II, III және IV Санаттардағы дәрілік заттар емдеу-алдын алу және дәріхана ұйымдарында, сынақ лабораторияларында (орталықтарында), ғылыми-зерттеу институттары мен оқу орындарында заттық-сандық есепке алуға жатады деп белгіленсін.

3. Денсаулық сақтаудың облыстық, Астана мен Алматы қалалық басқармаларының (департаменттерінің) басшылары:

1) ағымдағы жылдың наурызынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігіне келесі күнтізбелік жылға Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитеттің аймақтық өкілдіктерімен келісілген есірткілік және психотроптық дәрілерге (II Санаттың, "А" және "В" топтарының) қажеттілік нормаларының есебін тапсырсын.

2) Ағымдағы жылдың 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі аймақтық өкілдіктерімен алдын ала келісілген II Санаттың ("А" және "В" топтарының) дәрілік заттарын пайдалануға және арнайы рецептуралық бланкілерді сақтауға құқығы бар емдеу-алдын алу ұйымдарының тізбесін, сондай-ақ II Санатты дәрілік заттармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша көрсетілген емдеу-алдын алу ұйымдары тіркелген дәріхана ұйымдарының тізбесін ағымдағы жылдың 25 желтоқсанына дейінгі мерзімде бұйрықпен бекітсін;

3) меншік нысанына қарамастан, осы әкімшілік аумағында орналасқан заңды тұлғаларды құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттар айналымы тәртібінің сақталуына жылына бір рет бөлек, не мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен тексерулер жүргізісін;

4) емдеу-алдын алу ұйымдарының басшыларына бақылауға және арнайы рецептуралық бланкілерге жататын, құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың есепке алынуы, сақталуы,

босатылуы, тағайындалуы және пайдаланылуы үшін дербес жауапкершілік жүктелсін ;

5) емдеу-алдын алу ұйымдарын II Санаттағы дәрілік заттарға арнайы рецептуралық бланкілермен қамтамасыз етсін. II Санаттағы дәрілік заттарға арнайы рецептуралық бланкілер запасы денсаулық сақтау басқармалары органдары мен емдеу-алдын алу ұйымдарында бір айлық қажеттіліктен аспауға тиіс .

4. Дәрігерлердің нашақорлықтан зардап шегетін науқастарға II Санаттағы ("А" және "В" топтары) дәрілерге рецепттер жазып беруіне және беруіне үзілді-кесілді тыйым салсын .

5. Емдеу-алдын алу ұйымдарының басшылары:

1) емдеуші дәрігерлерді II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттардың тағайындалуы мен пайдаланылуын медициналық құжаттамасында (амбулаториялық картасында, ауру тарихында) дәрілік заттың аталымын, көлемі мен мөлшерін көрсете отырып, жазбаша рәсімдеуге міндеттесін;

2) II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттардың тағайындалуына және оларды жазып берудің белгіленген тәртібіне жүйелі бақылау жасауды жүзеге асырсын;

3) емдеуші немесе кезекші дәрігерлерді есірткілік дәрілік заттардың пайдаланылған ампулаларын басшының емдеу бөлімі жөніндегі орынбасарына, ол болмаған жерде - емдеу-алдын алу ұйымының басшысына демалыс пен мейрам күндерін қоспағанда, сол күні тапсыруды міндеттесін. Пайдаланылған ампулаларды жоюды белгіленген үлгі бойынша тиісті актіні ресімдей отырып, басшының төрағалық етуіндегі комиссия жүргізетін болсын.

6. Бақылауға жататын, құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды жарнамалауға жол бермесін.

7. Осы бұйрықты "Анықтама әдебиеттер, дәрілік заттардың айналымын реттейтін нормативтік құжаттар Тізбесіне" енгізсін.

8. Облыстық, Астана мен Алматы қалалары денсаулық сақтау басқармаларының (департаменттерінің) және дәріхана ұйымдарының басшылары осы бұйрықты медицина және фармацевтика қызметкерлерінің назарына жеткізсін .

9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігі Төрағасының бірінші орынбасарына жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасының Денсаулық
сақтау істері жөніндегі Агенттігі
төрағасының 2001 жылғы 11 мамырдағы

N 428 бұйрығымен бекітілген

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
2001 ж. "___" _____

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігінің Нашәқорлыққа және
есірткі бизнесіне қарсы күрес
жөніндегі комитеті төрағасының
М . а .

2001 ж. "___" _____

**Бақылауға жататын құрамында есірткі құралдары,
психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарға
рецепттер, талаптар жазып беру мен босату Ережелері**

1. Белгіленген үлгідегі арнайы рецептуралық бланкіде құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар бар II Санаттағы "А" мен "В" тобы дәрілік заттары жазылып беріледі.

2. Арнайы рецептуралық бланкілердегі рецепттер оған қол қойған дәрігердің қолымен жазылып, емдеу-алдын алу ұйымының мөртабанымен, дөңгелек мөрімен, дәрігердің жеке мөрімен, емдеу-алдын алу ұйымының есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тағайындалуы үшін толық жауапкершілікте болатын бас дәрігерінің немесе оның орынбасарының қолымен расталады.

Рецептте науқастың медициналық құжаттамасының (амбулаториялық картасының, ауру тарихының) нөмірі мен мекен-жайы көрсетілуі тиіс.

3. Жеңілдікті жағдайда босату үшін II санаттағы дәрілік заттарды жазып бергенде, арнайы рецептуралық бланкке қосымша 108-У үлгідегі бланкте рецепт жазылып беріледі.

4. II Санаттағы дәрілік заттарды нашәқорлықтан зардап шегетін науқасқа жазып беруге тыйым салынады.

5. Емдеу алдын-алу ұйымының мөртабанымен және "Рецепттер үшін" мөрімен, дәрігердің қолы және жеке мөрімен расталған 107-У үлгідегі бланкаларда III Санаттағы және IV Санаттағы дәрілік заттар жазылып беріледі.

6. Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды жоғары бір жолғы қабылдаудан асатын мөлшерде жазып бергенде, дәрігер бұл дәрінің мөлшерін жазбаша жазуға және леп белгісін қоюға міндетті.

Дәрігер бұл талапты сақтамаған жағдайда фармацевтика қызметкері жазылып берілген затты жоғары бір жолғы қабылдау ретінде белгілеген мөлшердің жартысы көлемінде босатуға міндетті.

7. Амбулаториялық науқастарға этил спиртіне, фентанилге, сондай-ақ құрамында кокаин гидрохлориді бар дәрілік заттарға рецепттер жазып беруге және оларға босатуға рұқсат етілмейді.

8. Бір рецептуралық бланкіде II, III, IV Санаттардағы бір дәрілік заттарды жазып беруге рұқсат етіледі.

9. Науқасқа құрамына есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар кіретін дәрілік заттарды босатқанда, фармацевтика қызметкері рецепттің сыртқы бетінде босатылған дәрілік заттың аталымын, көлемін, мерзімін көрсетуге және босатушы қолын қоюға міндетті.

10. Рецептте жазылып берілген есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды дайындалған түрлер құрамынан тыс басқа ингредиенттермен аралас босатуға тыйым салынады.

11. Құрамында II, III, IV Санаттардағы есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дайын және экстемпоральды дайындалған заттарды босатқанда, рецепттің орнына дәрімен бірге жоғары бөлігінде сары жолағы және қара әріптермен "Сигнатура" деген жазуы, заттаңбасына немесе зауыттық таңбалануына толық сәйкес келетін мәліметтері бар сигнатура беріліп, дәріхана м ө р і м е н р а с т а л а д ы .

Сигнатура II, III, IV Санаттардағы дәрілердің сатып алынуы мен қолданылуының заңдылығын растайтын құжат болып табылады.

12. 13, 14, 15, 17-тармақтарда көрсетілген жағдайларды қоспағанда, науқастарға бір рецептте төменде көрсетілгеннен асатын көлемдегі дәрілік препараттарды жазып беруге және босатуға рұқсат етілмейді:

Дәрілік заттың аталымы	Өлшем бірлігі	Бір рецептке босатуға арналған жол берілетін шекті көлем
------------------------	---------------	--

Бупренорфин (норфин) (0,2) таблетка. 20
тіл асты таблеткалары 20 лар

Бупренорфин 1 мл-де 0,6 мг ампула. 10
лар

Бупренорфин 1 мл-де 0,3 мг ампула. 20
лар

Кодеин грамм 0,2

Кодтермопс, кодтерпин таблетка. 20
лар

Морфин, морфин гидрохлориді, грамм 0,1
морфилонг (әсері ұзартылған морфин)

Ноксирон орам 1

Омнопон грамм 0,1

Промедол грамм 0,25

Просидол грамм 0,25

III Санаттағы психотроптық заттар	орам емес	1 бірақ 50 таблеткадан артық
Ұйықтататын дәрілер - барбитурат қышқылы туындылар	таблетка.	10-12 лар
Натрий этаминалы	грамм	1,0
Этилморфин гидрохлориді (дионин)	грамм	0,2
Эфедрин гидрохлориді	грамм	0,6

13. Көз тамшылары мен жақпа майлардағы дионин рецептте дәрігердің "Арнайы тағайындау бойынша" деген нұсқауы болғанда 1 граммға дейінгі көлемде жазылып берілуі мүмкін.

14. Инкурабельдік онкологиялық науқастарды емдеуге арналған есірткі құралдарын, психотроптық заттарды бір рецептте жазып бергенде, олардың көлемі 12-тармақта көрсетілгеннен 2 есе арттырылуы мүмкін.

15. Инкурабельдік онкологиялық науқастарды емдеуге арналған дәрілік заттар 5-10 күндік терапияға қажетті көлемде, бірақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 24 сәуірдегі N 234 "Амбулаториялық және стационарлық науқастарға арналған есірткілік дәрілік заттар қажеттілігінің есептік нормативін бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген 4 кестедегі көлемнен аспайтын мөлшерде бірнеше рецептке жазылып берілуі мүмкін.

16. Инкурабельдік онкологиялық науқастар II Санаттағы "А" мен "В" тобының дәрілік заттарымен қамтамасыз етілуі үшін емдеу-алдын алу ұйымы басшысының қолымен және дөңгелек мөрімен расталуға тиіс емдеу-алдын алу ұйымы басшысының жазбаша өкімімен дәріханаға бекітіледі.

Тіркеу жарты жылда бір рет қайта ресімделеді.

Дәріханаға бекітілген емдеу-алдын алу ұйымдарының II, III, IV Санаттағы дәрілік заттарға рецептер жазып беруге құқығы бар дәрігерлерінің тізімі, қолдары мен жеке мөрлерінің үлгілері болуға тиіс.

17. Созылмалы аурулары бар науқастар үшін таза және басқа дәрілік заттармен аралас күйіндегі III, IV Санаттағы дәрілік заттарға берілетін рецептер 1 ай мерзімге дейінгі емдеу курсына жазылып берілуі мүмкін.

Бұл жағдайларда рецепттерде дәрігердің жеке мөрімен, қолымен, емдеу-алдын алу ұйымының "Рецептер үшін" мөрімен расталған, "Арнайы тағайындау бойынша" деген жазуы болуға тиіс.

18. Дәріханалардан есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды мал-дәрігерлік емдеу ұйымдарының рецептері бойынша

б о с а т у ғ а т ы й ы м с а л ы н а д ы .

19. Аталған талаптардың біреуіне болсын сай келмейтін немесе құрамында үйлеспейтін дәрілік заттар бар рецептер жарамсыз деп есептеледі. Мұндай рецепті берген дәрігер немесе емдеу-алдын алу ұйымының бас дәрігері науқасқа қажетті рецепттің уақтылы қайта жазылып берілуін қамтамасыз етуге міндетті.

20. II Санаттағы дәрілік заттарға жазылған рецептер ауданның, қаланың, облыстың денсаулық сақтау органдары белгілеген әкімшілік аумағы шегінде ж а р а м д ы .

III, IV санаттағы дәрілік заттарға берілген рецептер Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жарамды.

2 1 . М ы н а л а р ғ а :

II Санаттағы дәрілік заттарға жазылған рецептер 7 күн бойы;

III, IV Санаттағы таза және басқа дәрілік заттармен аралас күйіндегі дәрілік заттарға жазылған рецептер 30 күн бойы жарамды.

22. Емдеу-алдын алу ұйымдарының есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, прекурсорларды, сондай-ақ заттық-сандық есепке алынуға жатқызылатын дәрілік заттарды алуға жазылып берілетін талаптары дәрілік заттардың әрбір Санаттары үшін жеке бланктерде латын тілінде жазылып, емдеу-алдын алу ұйымы басшысының немесе емдеу ісі бөлігі жөніндегі оның орынбасарының дөңгелек мөрімен және қолымен расталады.

Талапта жазылып берілген дәрілік заттардың мөлшері, бөлімшенің немесе кабинеттің аталымы, дәрінің тағайындалуы (инъекция үшін, сыртқа қолдануға немесе ішуге, көз тамшылары және т.с.с) міндетті түрде жазбаша көрсетілуі тиіс (о с ы Ережелерге 1 қосымша).

23. Стоматологтар, тіс дәрігерлері этил эфиіріне (таза күйіндегі) және стоматологиялық кабинеттерде (емделушінің қолына беру құқығынсыз) қолданылатын құрамында кокаин гидрохлориді бар емдік пасталарына талаптар жазып бере алады.

Құрамында бақылауға жататын есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарға рецептер, талаптар жазып беру мен

босату Ережелеріне 1 қосымша

Емдеу-алдын алу ұйымының дәріхана ұйымына құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарға талап жазу үлгісі

Емдеу-алдын алу ұйымының аталымы _____

Мөртабан

Бекітемін

Бас дәрігер

"__" _____ 20__ ж.

мөр

№ _____ талап-тіркеме қағаз "____" _____ 20__ ж.

Кімге _____ (дәріхана ұйымының аталымы)

Қайдан _____ (бөлімшенің, кабинеттің аталымы)

Кім арқылы _____ (бас медбикенің Т.А.Ә.)

№ _____ сенімхат бойынша "____" _____ 20__ ж.

(сенімхаттың жарамды мерзімі 10 күн)

№ Дәрілік заттың Өл. Талап Босатыл. Баға. Сома. Сер. № сәйкес.

р/ аталымы _____ шем етілген ған _____ сы _____ сы _____ ия _____ тік серти.

к (науқастың _____ бір. көлем _____ көлем _____ фикаты,

Т.А.Ә. _____ лігі жазбаша _____ жазбаша _____ жарамды

көрсетіледі) _____ мерзімі _____

Бөлімше меңгерушісінің Т.А.Ә. _____ қолы

Талап етушінің Т.А.Ә. _____ қолы

Алушының Т.А.Ә. _____ қолы

Босатушының Т.А.Ә. _____ қолы

Талап үш данада жазылады.

Біреуі дәріханада қалдырылады, екіншісі бухгалтерияға өткізіледі,
үшіншісі емдеу-алдын алу ұйымына жіберіледі.

Қазақстан Республикасының Денсаулық
сақтау істері жөніндегі Агенттігі
төрағасының 2001 жылғы 11 мамырдағы

№ 428 бұйрығымен бекітілген

"КЕЛІСІЛГЕН"

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қазақстан Республикасы Әділет

Ішкі істер министрі

министрлігінің Нашақорлыққа және

2001 ж. "____" _____

есірткі бизнесіне қарсы күрес

жөніндегі комитеті төрағасының

м . а .

2001 ж. "____" _____

Арнайы рецептуралық бланктың үлгісі

G011604_

Түбіртек емдеу-алдын алу
ұйымында қалдырылады,
аяқталысымен бухгалтерияға
өткізіледі

Құрамында есірткі құралдары бар
дәрілерді алу құқығына рецепт

РЕЦЕПТ А сериясы N

РЕЦЕПТ А сериясы N

Рецепттің жазылған мерзімі

Емдеу-алдын алу ұйымының мөртабаны

Науқастың Т.А.Ә.,

Рецепттің жазылып берілген мерзімі

жасы _____ " ____ " _____ 20__ ж.

Науқастың Т.А.Ә.,

жасы _____

Мекен-жайы _____

Учаске N _____

Науқастың медициналық құжаттамасы

N _____

Дәрігердің Т.А.Ә. _____

Мекен-жайы _____

Учаске N _____

Науқастың медициналық құжаттамасы Rр.:

N _____

Дәрігердің Т.А.Ә. _____ м.о.

Дәрігердің қолы және жеке мөрі

Түзетуге жол берілмейді

1) Осы бланк сутамғы белгісі бар қызыл түсті қағаздағы бұрынғы
бекітілген үлгіні қайталайды.

2) Шарикті қаламмен толтырылады.

3) Оны рәсімдеу рецептер жазып беру Ережелеріне (2-тармақ) сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі Агенттігі төрағасының 2001 жылғы 11 мамырдағы

№ 428 бұйрығымен бекітілген

"КЕЛІСІЛГЕН"

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
2001 ж. "___" _____

Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігінің Нашәқорлыққа және
есірткі бизнесіне қарсы күрес
жөніндегі комитеті төрағасының
м . а .

2001 ж. "___" _____

Құрамында бақылауға жататын есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды және арнайы рецептуралық бланкілерді сақтау, есепке алу және дәріхана қоймаларынан босату

Ережелері

1. Құрамында II, III, IV Санаттардағы есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды (бұдан әрі мәтін бойынша II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттар) сақтау оларды есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласында пайдалануға рұқсат етілген үй-жайларда жүзеге асырылады, бұл рұқсатты аумағында осы объектілер (үй-жайлар) орналасқан ішкі істер органдары, аумақтық лицензиялық-рұқсат беру бөлімдері (бөлімшелері, топтары) береді.

2. II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттар мен арнайы рецептуралық бланкілердің дұрыс сақталуын, бүтіндігі мен есепке алынуын ұйымдастыру жауапкершілігі ұйымның бірінші басшысына жүктеледі.

3. II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттармен жұмыс істеуге рұқсаты бар адамдардың тізімі осы ұйым бойынша бұйрықпен ресімделеді.

Қолы жететін адамдарда тиісті тексеруден өткізілгендігі жөніндегі ішкі істер органдарының қорытындысы, нашәқорлықпен, уытқұмарлықпен, созылмалы алкогольизммен ауыруы жоқтығы жөніндегі психиатр дәрігерлердің қорытындысы болуға тиіс.

II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттар мен арнайы рецептуралық бланкілер сақталған бөлмеге кіруге тек осылармен тікелей жұмыс істейтін адамдарға ғана рұқсат етіледі.

4. II Санаттағы дәрілік заттар арнайы жабдықталып, құлып салынған

үй-жайларда (қоймаларда) орналасқан сейфте сақталуға тиіс.

III, IV Санаттардағы дәрілік заттар жабдықталған үй-жайлардағы жабылатын металл шкафтарда немесе арнайы жабдықталған стеллаждарда сақталуы қажет.

5. Есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар сақталатын үй-жайлар жабық жағдайда болуға тиіс. Жұмыс аяқталғаннан кейін олар бекітілуі және мөрленуі немесе пломбылануы тиіс. Кілттер, мөр мен пломбы салғыш ұйым бойынша бұйрықпен тағайындалған, көрсетілген дәрілердің сақталуына жауап беретін материалдық жауапкершіліктегі адамда болуы қажет.

6. II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттар дәрілік түріне қарамастан бекітілген үлгі (осы Ережеге 1 қосымша) бойынша нөмірленген, тігілген, лицензиар-органның қолы және мөрімен расталған арнайы кітапта заттық-сандық есепке алынуға жатқызылады.

7. Арнайы рецептуралық бланкілер қоймалардағы 61-АП үлгіде нөмірленген және тігілген журналда есепке алынады (емдеу-алдын алу ұйымдарындағы сақтау, есепке алу Ережелеріне 2 қосымша).

8. Есепке алу кітабы бір жыл мерзімге ашылады және ағымдағы жылды есептемегенде бес жыл бойы сақталады.

Бірінші бетінде заттық-сандық есепке алынуға жатқызылатын дәрілік заттардың тізбесі көрсетіледі. Әрбір дәрілік түрге, мөлшерге, буып-түюге жеке парақ (айқарма бет) арналады. Әрбір препарат үшін есепке алу бірлігі көрсетіледі. Түсілім нөмірі мен мерзімі көрсетіле отырып, әрбір кіріс құжаты бойынша жеке көрсетіледі. Шығындар күндізгі нәтижелермен жазылады (күнделікті жазулар).

9. Әр айдың бірінші күні II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттарға мүккәмалдау жүргізу қажет. Нақты саны кітаптағы қалдықпен салыстырылады және бекітілген үлгі (осы Ережелерге 2 қосымша) бойынша салыстыру актісі жасалады.

Алшақтықтар немесе нәтижелердің сәйкессіздігі анықталған жағдайда дәріхана қоймасының басшысы бір тәуліктің ішінде лицензиар-орган мен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігін хабардар етуге міндетті. Хабарлама осы бұйрықпен бекітілген үлгіде ұсынылады.

10. Тоқсан сайын, есеп берілетін тоқсаннан кейінгі айдың бесінші күніне, бекітілген үлгі (осы Ережелерге 3 қосымша) бойынша орган-лицензиарға Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігіне және денсаулық сақтаудың аумақтық органына есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы туралы есеп ұсынылады.

11. II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттардың кірісі мен шығыны жөніндегі барлық құжаттар қоймада, олардың толық сақталуына кепілдік берілетін жағдайда, сақтауға жауапты адамның жабық, пломбыланған сейфінде сақталуға

тиіс. Құжаттар айлар мен жылдар бойынша тігілген және мөрленген күйінде
с а қ т а л у ы қ а ж е т .

12. II Санаттағы дәрілік заттардың кіріс және шығыс құжаттары бес жыл, III, IV Санаттардағы дәрілік заттардікі ағымдағы жылды есептемегенде бір жыл
с а қ т а л а д ы .

13. II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттар дәріхана қоймасына келіп түскен кезде ұйым басшысының бұйрығымен тағайындалған комиссия арқылы
қ а б ы л д а н а д ы .

Қойма басшысы немесе оның орынбасары қабылдап алынған көлемнің бірге жіберілген құжатқа сәйкестігін жеке өзі тексеруге міндетті.

14. II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттар қоймадан тек есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласында жұмыс құқығына лицензиясы бар заңды тұлғаларға босатылады.

15. II, III, IV Санаттардағы ангро дәрілік заттар қоймадан мөрленген күйінде босатылады, бұл орайда әрбір орамға жіберушісі, ішіндегісінің аталымдары мен талдама нөмірі көрсетілген заттаңба жапсырылады.

16. II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттарға жазылып берілетін талаптар ұйым басшысының немесе оның орынбасарының қолымен және мөрімен бекітілген үлгі бойынша расталуы тиіс (осы Ережелерге 4 қосымша).

II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттарға жазылып берілетін талаптар мен есеп-шоттар ондағы көлемі жазбаша көрсетіле отырып, басқа дәрілік заттарға жазылып берілетін талаптар мен есеп-шоттардан бөлек жазылып беріледі.

17. II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттарды беру алынатын дәрілердің аталымдары, мөлшері, концентрациясы, дәрілік түрі мен көлемі жазбаша көрсетіле отырып, белгіленген тәртіпте ресімделген жеке сенімхат бойынша жүргізіледі. Сенімхаттың жарамды мерзімі 10 күн.

18. II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттарды босатудың алдында материалдық жауапты адам босатуға негіз (шот-фактура, сенімхат) барын, босатылатын дәрілік заттың бірге жіберілген құжатқа сәйкестігін, орамның дұрыстығын, бүтіндігін жеке өзі тексеруі және шот-фактураның барлық даналарында қол қоюы тиіс (осы Ережелерге 5 қосымша).

Дәріхана қоймаларында құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттар мен арнайы рецептуралық бланкілерді сақтау, есепке алу және босату Ережелеріне

1 қосымша

Ұйымның аталымы _____

Есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорларды дәріхана қоймаларында есепке алу кітабы

Дәрілік заттың аталымы _____

Өлшем бірлігі _____

Айы Ай. Кіріс Қал. Шығыс Ай Қал. Мат.
дың Кім. Құ. Са. дық Кім. Құ. Са. ішін. дық ери.
ба. нен жат ны пен ге жат ны дегі ал.
сын. алын. N бірге боса. N бар. дық.
дағы ды мен ай тыл. мен лық жау.
қал. күні ішін. ды күні шы. апты.
дық дегі ғыс адам.
кіріс ның
бой. қо.
ынша лы
бар.
лығы

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12

Қаң.
тар
Ақ.
пан
және
т.б.

Дәріхана қоймаларында құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттар мен арнайы рецептуралық бланкілерді сақтау, есепке алу және босату Ережелеріне

Есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорларды түгендеп салыстыру актісінің үлгісі

Ұйымның аталымы

Б е к і т е м і н
Ұ й ы м б а с ш ы с ы

"___"_____ 200__ ж.

Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды түгендеп салыстыру

Актісі

200__жылғы_____айына

N	Аталымы	Өлшем	Ай	Кіріс
р/к	бірлігі	басындағы	қалдық	
1	2	3	4	5
кестенің жалғасы				
Шығыс Кітаптағы Нақты Нақты және				
қалдық қалдық кітаптағы				
қалдық				
арасындағы				
айырмашылық				
6	7	8	9	

Қорытынды

Жауапты адам _____ қызметі, қолы

Тексерген _____ қызметі, қолы

Дәріхана қоймаларында құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттар мен арнайы рецептуралық бланкілерді сақтау, есепке алу және босату Ережелеріне

3 қосымша

200___ жылғы _____ тоқсандағы қатаң бақылауға жатқызылған есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы туралы

Е с е п

(ұйымның аталымы, заңдық мекен-жайы, телефон, факс, E-mail)

N	Аталымы	Жеткі.	01.01.	Есепті тоқсандағы	Есепті тоқсандағы	01. __
p/	зуші	200_ж.	кіріс	шығыс	200_ж.	
к	(заңдық қал.	_____ қал.				
	мекен-дық жайы)	Жеткізу.	Орамдар.	Сатып	Орамдар.	дық
		ші (заңдық	(ампула.	алушы-	дық	
		мекен-лардың)	ұйым	(ампула.		
		жайы)	саны	(заңдық	лардың)	
				мекен - саны		
				ж а й ы)		

1	2	3	4	5	6	7	8	9
---	---	---	---	---	---	---	---	---

1. Наркотика.
лық заттар

Барлығы:

2. Психотроп.
тық заттар

Барлығы:

3. Прекурсор.
лар

Барлығы:

Занды тұлғаның басшысы _____ Қолы _____
200__ ж. "___" _____
мөрі

Дәріхана қоймаларында құрамында
есірткі құралдары, психотроптық заттар
мен прекурсорлар бар дәрілік заттар
мен арнайы рецептуралық бланкілерді сақтау,
есепке алу және босату Ережелеріне

4 қосымша

Дәріхана ұйымының дәріхана қоймасына құрамында есірткі
құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік
заттарға талап үлгісі

Дәріхана ұйымының аталымы _____

Есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы
саласындағы қызметке N _____ лицензия _____ дейін жарамды.

20__ ж. "___" _____ N _____ талап

Кімге _____ (дәріхана қоймасының аталымы)

Кім арқылы _____ (Алушының Т.А.Ә.)

N _____ сенімхат бойынша _____ бастап (сенімхаттың қолданылу
мерзімі 10 күн)

№ Зат аталымы Өлшем Бір жылға 01.01-ден Талап Ескерту
р/с бірлігі тұтыну бастап етілген
нормативі кезең ішін. мөлшер
дегі тұтыну. жазбаша
дың пайдала.
нылған
нормативі

Дәріхана ұйымының басшысының Т.А.Ә. _____ қолы
Талап етушінің Т.А.Ә. _____ қолы
мөр

Талап екі данада әзірленеді.

Дәрілік заттардың әрбір Санаты үшін бөлек талап жазылып беріледі.
Босату дәріхананың дәріхана қоймасымен шарт негізінде жүргізіледі.
Бір жолғы алу жағдайында талапқа лицензия көшірмесі қоса беріледі.

Дәріхана қоймаларында құрамында
есірткі құралдары, психотроптық заттар
мен прекурсорлар бар дәрілік заттар
мен арнайы рецептуралық бланкілерді сақтау,
есепке алу және босату Ережелеріне

5 қосымша

Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен
прекурсорлар бар дәрілік заттарды босатуға шот-фактура

Шот-фактурада:

- 1) құжаттың мерзімі мен нөмірі;
- 2) дәріхана қоймасының реквизиттері (РНН, толық атауы, есеп айырысу шоты, заңдық мекен-жайы, № мен есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы лицензия берілген мерзімі);
- 3) тауар ненің негізінде босатылады (шарт);
- 4) ақы төлеу шарттары (шарт бойынша, қолма-қол есеп айырысу);
- 5) тауар жеткізу 20__ ж. " __ " _____ № _____ сенімхат бойынша жүзеге асырылды;
- 6) сатып алушының реквизиттері (РНН, толық атауы, есеп айырысу шоты, заңдық мекен-жайы, № мен есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы лицензия берілген мерзімі) қамтылуға тиіс.

№ Серия Сер. Дәрі. Өл. Бір ҚҚС- ҚҚС ҚҚС Ак. Ак. Жал.
тифи. лік шем дана. сыз став. сома. циз циз пы
кат зат. бір. ның сома қасы сы став. сома. сома
№ тың лігі баға. қасы сы
қолда. атауы сы
нылу
мер.
зімі

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12

Қолдары: ұйым басшысынікі;
бас бухгалтердікі;
алушының;
босатушының;
тауарды босатқан дәріхана ұйымының мөрі.

Шот-фактура екі данада жазылып беріледі, түзетулерге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының Денсаулық
сақтау істері жөніндегі Агенттігі
төрағасының 2001 жылғы 11 мамырдағы

№ 428 бұйрығымен бекітілген

"КЕЛІСІЛГЕН"

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қазақстан Республикасы Әділет

Ішкі істер министрі

министрлігінің Нашәқорлыққа және

2001 ж. "___" _____

есірткі бизнесіне қарсы күрес

жөніндегі комитеті төрағасының

м.а.

2001 ж. "___" _____

Дәріханаларда бақылауға жататын, құрамында есірткі
құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік
заттарды сақтау мен есепке алу

Ережелері

1. Құрамында II, III, IV Санаттардағы есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды (бұдан әрі мәтін бойынша II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттар) сақтау оларды есірткі құралдары, психотроптық

заттар мен прекурсорлар айналымы саласында пайдалануға рұқсат етілген үй-жайларда жүзеге асырылады, бұл рұқсатты аумағында осы объектілер (үй-жайлар) орналасқан ішкі істер органдары, аумақтық лицензиялық-рұқсат беру бөлімдері (бөлімшелері, топтары) береді.

2. II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттарды сақтау, есепке алу үшін жауапкершілік ұйымның бірінші басшысына жүктеледі.

3. II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттармен жұмысқа жіберілетін адамдардың тізімі дәріхана ұйымы бойынша бұйрықпен ресімделеді.

Қол жеткізетін адамдарда тиісті тексеру туралы ішкі істер органдарының қорытындысы, нашақорлықпен, уытқұмарлықпен, созылмалы алкоголизммен ауыруының жоқтығы туралы психиатр мен наркологтың қорытындысы болуы қ а ж е т .

II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттар запас сақталатын бөлмеге кіруге олармен тікелей жұмыс істейтін адамдарға рұқсат етіледі.

4. II Санаттағы дәрілік заттар сейфтерде, арнайы жабдықталған үй-жайларда (қоймаларда) құлыпталып сақталады.

III, IV Санаттардағы дәрілік заттар арнайы жабдықталған бөлмелерде жабылатын металл және ағаш шкафтарда сақталуы қажет.

5. Жұмыс уақытында ассисенттік бөлмеде болатын II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттар бар сейф кілті осы заттарды беруге жауапты провизорда болуға т и і с .

6. Жұмыс күні аяқталғаннан кейін үй-жайларда және сейфтерге мөр басылады және/немесе пломбыланады, ал олардың кілттері, мөр және/немесе пломбир бұған дәріхана бойынша бұйрықпен уәкілетті материалдық жауапты а д а м д а б о л у ы қ а ж е т .

7. Сейф есіктерінің ішкі жағында жоғары бір жолғы және тәуліктік мөлшерлер көрсетілген сақталатын дәрілік заттардың тізбесі болуы керек.

8. Ағымдағы жұмыс үшін ассистенттік бөлмеге II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттарды беруді бұған уәкілетті материалдық жауапты адам ғана материалдық бөлмеден жүргізуге тиіс.

9. Дәріхананың ассисенттік бөлмесінде II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттардың запастары бес күндік қажеттіліктен аспауға тиіс.

10. Дәріханаларда II Санаттағы дәрілік заттар запасы бір айлық нормативтен аспауы қажет. Жабдықтау базаларынан қашықтағы дәріханалар үшін бұл заттардың запасын Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитеттің аумақтық өкілімен келісім бойынша денсаулық сақтау басқармаларының органдары белгілейді.

11. Түнгі уақытта қажет болған жағдайда кезекші дәріханаларда түнгі уақыттағы жұмысқа арналған үй-жайда мөрленген және пломбыланған сейфте

сақталатын II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттарды пайдалануға рұқсат етіледі. Кезекшілік аяқталғаннан кейін маман арнайы жеке есепке алу кітабын (нөмірленген, баумен байланған, осы ережелердің 1 қосымшасының бекітілген үлгісінде лицензиар органының мөрімен және қолымен расталған) толтырады және осы Санаттардағы дәрілік заттардың пайдаланылғанын растайтын құжаттаманың қосымшасын (рецептер, шот-фактуралар және т.б.) ұсына отырып, II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттардың есепке алынуы мен сақталуы үшін жауап беретін материалдық жауапты адамның алдында есеп береді.

12. II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттар бекітілген үлгі (осы Ережелерге 1 қосымша) бойынша нөмірленген, тігілген және лицензиар-органның қолымен және мөрімен бекітілген арнайы кітапта заттық-сандық есепке алуға жатады.

13. Есепке алу кітабы бір жылға жүргізіледі. Бірінші бетінде заттық-сандық есепке алуға жататын дәрілік заттардың тізбесі көрсетіледі. Әрбір дәрілік түр, дәрілік заттың мөлшерленуі, буылып-түйілуі үшін жеке бет (айқарма) бөлінеді. Әрбір препарат үшін есеп бірліктері көрсетіледі. Түсілім нөмірі мен мерзімі көрсетіле отырып, жекелей әрбір кіріс құжаты бойынша көрсетіледі. Шығын амбулаториялық рецептура бойынша босатуға және емдеу-алдын алу ұйымдарына, дәріхана бөлімдеріне босатуға жіктеліп, күндік қорытындылармен (күн сайынғы жазбалар) жазылады.

14. Әрбір айдың 1-ші күні материалдық жауапты адам II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттардың қалған нақты мөлшерін кітаптағы қалдықпен салыстырады, бұл туралы бекітілген үлгі (құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды дәріхана қоймаларында сақтау, есепке алу мен босату Ережелеріне 2 қосымша) бойынша салыстыру актісі жасалады.

Дәріханалардың (дәріхана бөлімінің) тауар-материалдық құндылықтарын мүккәмалдау кезінде нақты қалдықтар белгіленеді. Бұған жекелей мүккәмалдау жазбасы жасалады. Кітап деректерінен нақты қалдықтарды шығару кезінде ауытқулар анықталған жағдайда дәріхана меңгерушісі бір тәуліктің ішінде бұл туралы лицензиар-орган мен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігін жазбаша хабардар етуге міндетті.

Хабар осы бұйрықпен бекітілген үлгі бойынша ұсынылады.

15. Тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне бекітілген үлгі (құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды дәріхана қоймаларында сақтау, есепке алу мен босату Ережелеріне 2 қосымша) бойынша лицензиар-органға Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігіне, денсаулық сақтаудың аумақтық органына II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттардың айналымы туралы есеп ұсынылады.

16. II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттардың кірісі мен шығысы жөніндегі барлық құжаттар (шот-фактура, тіркеме қағаз, сенімхаттар, рецептер, талаптар)

олардың толық сақталуын кепілдендіретін жағдайларда сақтау үшін жауапты адамның сейфінде тігілген, айлар мен жылдар бойынша мөр басылған түрде с а қ т а л а д ы .

17. Рецепттер мен талаптардың сақталу мерзімдері:

II Санаттағы дәрілік заттарға - 5 жыл;

III, IV Санаттардағы дәрілік заттарға - 1 жыл.

Сақтау мерзімі өткеннен кейін рецепттілер жойылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Денсаулық
сақтау істері жөніндегі Агенттігі

төрағасының 2001 жылғы 11 мамырдағы

N 428 бұйрығымен бекітілген

"КЕЛІСІЛГЕН"

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қазақстан Республикасы Әділет

Ішкі істер министрі

министрлігінің Нашәқорлыққа және

2001 ж. " ____ " _____

есірткі бизнесіне қарсы күрес

жөніндегі комитеті төрағасының

м.а.

2001 ж. " ____ " _____

Емдеу-алдын алу ұйымдарында бақылауға жататын
құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен
прекурсорлар бар дәрілік заттар мен арнайы рецептуралық
бланкілерді сақтау мен есепке алу

Ережелері

1. Емдеу-алдын алу ұйымдарының дәріханаларына халыққа қызмет көрсететін дәріханалар үшін көзделген құрамында II, III, IV Санаттардағы есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды (одан әрі мәтін бойынша II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттар) сақтау, есепке алу мен босату ережелері қолданылады.

2. Өздерінің дәріханалары жоқ емдеу-алдын алу ұйымдары II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттарды өнеркәсіптік өндіріс жағдайларында немесе дәріханалық жағдайда дайындалған дайын дәрілік нысандар түрінде ғана алуы қ а ж е т .

3. Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды сақтау, есепке алу, науқастарға тағайындау мен беру үшін жауапкершілік ұйымның бірінші басшысына жүктеледі.

4. Есірткі құралдарымен, психотроптық заттармен және прекурсорлармен жұмысқа жіберілетін адамдардың тізімі емдеу-алдын алу ұйымы бойынша б ұ й р ы қ п е н р е с і м д е л е д і .

Қол жеткізетін адамдарда тиісті тексеру туралы ішкі істер органдарының

қорытындысы, нашакорлықпен, уытқұмарлықпен, созылмалы алкогольизммен ауыруының жоқтығы туралы психиатр мен наркологтың қорытындысы болуы қ а ж е т .

5. II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттар есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күресті жүзеге асыратын уәкілетті ішкі істер органы пайдалануға рұқсат беретін сейфтерде, үй-жайларда с а қ т а л у ы қ а ж е т .

Жұмыс күні аяқталғаннан кейін бөлме мен сейфке мөр басылады немесе пломбыланады. Кілттер мен пломбир көрсетілген заттарды сақтау, есепке алу және беру үшін ұйым бойынша бұйрықпен тағайындалған адамда болуы қажет.

Сейф есіктерінің ішкі жағында жоғары бір жолғы және тәуліктік мөлшерлер көрсетілген есірткі құралдарының, психотроптық заттардың тізбесі болуы керек.

6. Дәріханалардан алынатын II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттардың заттаңбаларында мынадай белгілер: "Ішуге", "Сыртқа", "Инъекция үшін", "Көз тамшылары" және т.с.с., дәріні дайындаған дәріхананың атауы немесе нөмірі, бөлімшенің (кабинеттің) атауы, емдеу-алдын алу ұйымының талабында көрсетілген жазбаға сәйкес дәрінің құрамы, дайындалған мерзімі, анализ N , жарамды мерзімі, дәріні дайындаған, тексерген және дәріханадан босатқан адамдардың қолдары болуы қажет.

7. II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттардың орамдарында көрсетілген белгілер болмаған жағдайда оларды емдеу-алдын алу ұйымдарында сақтау мен қолдануға рұқсат берілмейді.

8. Ашуға, төгуге, бөлімшенің (кабинеттің) ыдысына қайта құюға және қайта салуға, сондай-ақ заттаңбаларды ауыстыруға үзілді-кесілді тыйым салынады.

9. Бөлімшелердегі (кабинеттердегі) II Санаттағы дәрілік заттардың запастарын емдеу-алдын алу ұйымының басшысы айқындайды және оларға үш күндік қажеттіліктен, ал емдеу-алдын алу ұйымдарының дәріханаларында - 1 айлық қажеттіліктен аспауы қажет.

10. Өмірлік көрсетілімдер бойынша кешкі және түнгі уақытта шұғыл медициналық көмек көрсету үшін стационарлардың қабылдау бөлімшелерінде "А" тобы II Санаты дәрілік заттарының бес күндік резервін жасауға рұқсат етіледі. Көрсетілген резерв жауапты кезекті дәрігердің рұқсаты бойынша стационардың барлық бөлімшелерінде пайдаланылуы мүмкін.

11. Пайдаланылған препараттарды ресімдеу науқасқа көмек көрсетілгеннен кейін жүргізілуі ықтимал. Бұл үшін тағайындау туралы медициналық құжаттамада жазба, көрсетілген дәрілерді енгізу туралы белгі жасалады.

12. Науқастарға құрамында II, III Санаттардағы дәрілік заттар бар дәрілер беру басқа дәрілерден бөлек жүргізіледі. Ішілетін есірткі құралдарын қабылдау

медбикенің қатысуымен ғана жүргізілуге тиіс.

13. Емдеу-алдын алу ұйымының сақтау орындары мен постыларында кезекші дәрігерлері мен медбикелері, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың жоғары бір жолғы және тәуліктік мөлшерлері, сондай-ақ улануларда уға қарсы кестелері болуы қажет.

14. Емдеу-алдын алу ұйымдарының бөлімшелері мен кабинеттерінде II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттар заттық-сандық есепке алуға жатады.

Есепке алу үлгі бойынша (осы ережелердің 1 қосымшасы) нөмірлеген, тігілген және емдеу-алдын алу ұйымы басшысының мөрімен және қолымен бекітілген арнайы кітапта жүргізіледі.

Есепке алу кітабы бір жылға жүргізіледі. Әрбір аталым, орам, мөлшерлеу үшін жеке парақ бөлінеді. Есепке алу кітабы ағымдағы жылды есептемегенде, сақталуы қамтамасыз етілетін жағдайларда көрсетілген заттарды есепке алу, сақтау мен босату үшін жауапты адамда бес жыл сақталады.

15. Стационарларда есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар салынған бос ампулалар мен ішіндегісі жартылай пайдаланылған ампулалар жинауға және жоюға жатады. Сақтау мен жою тәртібі II Санаттағы есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және емдеу-алдын алу ұйымдарында онкологиялық науқастар пайдаланбаған арнайы рецептуралық бланкілерді есептен шығару, жою тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

16. II Санаттағы дәрілік заттарды жазып беру үшін емдеу-алдын алу ұйымдарын арнайы рецептуралармен қамтамасыз ету денсаулық сақтаудың аймақтық органдары арқылы жүргізіледі. Емдеу-алдын алу ұйымдарындағы арнайы рецептуралық бланкілер запасы бір айлық қажеттіліктен аспауға тиіс.

17. Әрбір емдеу-алдын алу ұйымында басшының бұйрығымен арнайы рецептуралық бланкілерді алу, сақтау, толтыру мен беру үшін жауапты адам тағайындалады.

18. Емдеу-алдын алу ұйымдарына түскенде арнайы рецептуралық бланкілерді ұйым басшысы тағайындаған комиссия қабылдайды және қабылдау комиссиясының актісіне сәйкес үлгі бойынша (осы ережелердің 2 қосымшасы) есірткі құралдарына, психотроптық заттарға арнайы рецептуралық бланкілерді есепке алу жөніндегі журналда қабылдау комиссиясының актісіне сәйкес кіріске алынады.

Журнал нөмірленуі, тігілуі, жоғары тұрған ұйым басшысының мөрімен және қолымен бекітілуі қажет.

19. Әрбір емдеу-алдын алу ұйымында ұйым басшысының бұйрығымен айына кемінде 1 рет емдеуші дәрігерлердің есірткі құралдарын, психотроптық заттарды тағайындау мақсаттылығына, сондай-ақ осы мекемеде есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен арнайы рецептуралық бланкілердің сақталу, есепке

алыну мен жұмсалыуына бақылау жүргізуге ұйым басшысының бұйрығымен уәкілетті тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрылады.

20. Емдеуші дәрігерге көрсетілімдер болған жағдайда емдеу бөлігі бойынша емдеу-алдын алу ұйымы басшысының рұқсатымен нақты науқас үшін II Санаттағы дәрілік заттарға арнайы рецептуралық бланк (бланкілер) беріледі.

21. Есірткі құралдарына арнайы рецептуралық бланкілердің запастары тек жабылған және пломбыланған сейфте ғана сақталады, оның кілті ұйым басшысында немесе бұған ұйым бойынша бұйрықпен уәкілетті адамда сақталуға т и і с .

22. Емдеу-алдын алу ұйымының басшысы II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттар мен оларды жазып беруге арналған арнайы рецептуралық бланкілердің ұтымды пайдаланылуы мен сақталуы үшін толық жауапкершілікте болады.

Бақылауға жатқызылатын есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттар мен арнайы рецептуралық бланкілерді емдеу-алдын алу ұйымдарында сақтау, есепке алу және босату Ережелеріне

1 қосымша

Емдеу-алдын алу ұйымының атауы _____

Бөлімшелер мен кабинеттерде құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды есепке алу кітабы

Дәрілік заттың атауы, мөлшерлеу, буып-түю _____

Өлшем бірлігі _____

Кіріс	Шығыс	Қалды. Боса.
Алын. Қайдан	Саны Тегі, Беріл.	Ауру Саны ғы тушы.
ған алын.	А.Ә., ген тарихы.	ның
мерзімі ды	алушы. уақыты ның N	тегі,
құжат.	ның Науқас.	А.Ә.
тың N	қолы тың	
мен	тегі,	
мерзімі	А.Ә.	

1 2 3 4 5 6 7 8 9

Бақылауға жатқызылатын есірткі құралдары,
психотроптық заттар мен прекурсорлар бар
дәрілік заттар мен арнайы рецептуралық
бланкілерді емдеу-алдын алу ұйымдарында
сақтау, есепке алу және босату Ережелеріне

2 қосымша

Емдеу-алдын алу ұйымының атауы _____

Есірткі құралдарына, психотроптық заттарға арнайы
рецептуралық бланкілерді есепке алу журналы

N	Кіріс	Шығыс										
р/ Құжат.	Қай.	Блан.	Сер.	Са.	Беріл.	Сер.	Са.	Кімге	Алу.	Бер.	Қал.	
к	тың	дан	кілер.	ия	ны	ген	ия	ны	беріл.	шы.	уші.	дық
түскен	алын.	дің	N	мер.	N	ді:	ның	нің				
мерзі.	ды,	жал.	зімі		дәрі.	қо.	тегі,					
мі	құж.	пы			гер.	лы	аты,					
ат.	саны				дің	әкесі.						
тың					мінде.	нің						
мер.					тін	аты						
зімі					атқару.							
мен					шының							
N					тегі,							
					а.ә							

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13

Қазақстан Республикасының Денсаулық
сақтау істері жөніндегі Агенттігі
төрағасының 2001 жылғы 11 мамырдағы

N 428 бұйрығымен бекітілген

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы Әділет

Ішкі істер министрі _____ министрлігінің Нашақорлыққа және
2001 ж. " ____ " _____ есірткі бизнесіне қарсы күрес
жөніндегі комитеті төрағасының

м.а.

2001 ж. " ____ " _____

Емдеу-алдын алу ұйымдарында онкологиялық науқастар пайдаланбаған құрамында бақылауға жататын есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды және арнайы рецептуралық бланкілерді есептен шығару мен жою Ережелері

1. Емдеу-алдын алу ұйымының басшысы науқастар үйде қайтыс болғаннан кейін қалған пайдаланылмаған рецептер мен құрамында есірткі құралдары мен психотроптық заттар бар дәрілік заттарды қабылдау мен есепке алуды ұйымдастырады.

2. Емдеу-алдын алу ұйымы бойынша бұйрықпен қайтыс болғаны туралы куәлікті ресімдеуге жауапты қызметкерге қайтыс болған онкологиялық науқастың туыстарынан пайдаланылмаған рецепттерді, құрамында II, III, IV Санаттағы дәрілік заттар бар дәрілік заттар қалдықтарын қабылдау жүктеледі. Бұл қызметкер амбулаториялық картада жазылған кезекті рецепт алынған сәттен бастап препарат шығынына салыстыру жүргізуі қажет. Өткізілген рецептер мен препараттар саны, олардың атаулары мен дәрілік түрлері (ампулалар, таблеткалар, ұнтақтар) бекітілген үлгі бойынша (осы ережелерге 1 қосымша) нөмірленген, тігілген, ұйым басшысының дөңгелек мөрімен және қолымен бекітілген арнайы журналда тіркеледі.

3. Пайдаланылмаған есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды, сондай-ақ оларды жазып беру рецепттерін есепке алу журналында жойылған дәрілердің мөлшері мен тәсілі туралы белгі жасалады.

4. Өткізілген рецепттер мен препараттар олар жойылғанға дейін сейфте сақталуға жатады.

5. Қайтыс болған науқастардың туыстары өткізген, жарамды мерзімі өткен II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттарды, сондай-ақ шағылған, бүлінген, бос ампулалар мен рецептуралық бланкілерді жою үшін емдеу-алдын алу ұйымы бойынша бұйрықпен ішкі істер органдары мен санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының өкілдері келісім бойынша тартылған тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрылады.

6. II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттар ұнтақтарының таблеткалары мен ампулаландырылған дәрілік заттарының жинақталуына қарай, әрбір айдың 30-шы күнінен кешіктірілмей емдеу-алдын алу ұйымының тұрақты жұмыс істейтін комиссиясының, ішкі істер, санитарлық-эпидемиологиялық органдары

өкілдерінің қатысуымен оларды: ұнтақтар мен таблеткаларды жағу жолымен, ампулаландырылған препараттарды жаншу жолымен жою жүргізіледі.

7. Жою қорытындылары бойынша (осы Ережеге 2 және 3 қосымша) акт жасалады.

Емдеу-алдын алу ұйымдарында онкологиялық науқастар пайдаланбаған есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, прекурсорлар мен арнайы рецептуралық бланкілерді есептен шығару, жою Ережелеріне

1 қосымша

Қайтыс болған науқастардың туыстары өткізген пайдаланылмаған есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, прекурсорлар мен рецепттерді есепке алу журналы

№ Түскен Науқас. Рецеп. Оның Өткі. Ампу. Өт. Қабыл. Жою
р/ уақыты тың тер ішінде зіл. лалар. кізу. дап мөлшері
к Т.А.Ә. мен нөмір. ген дың, шінің алушы. мен
препа. лер нарко. ұнтақ. тегі ның тәсілі
рат. бойын. тика. тар. мен тегі туралы
тардың ша лық, дың, қолы мен белгі
жалпы психо. таб. қолы
саны троп. летка.
тық лардың
зат. саны
тардың
аталы.
мы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----

Емдеу-алдын алу ұйымдарында онкологиялық науқастар пайдаланбаған есірткі құралдарын,

психотроптық заттарды, прекурсорлар мен
арнайы рецептуралық бланкілерді есептен
шығару, жою Ережелеріне

2 қосымша

БЕКІТЕМІН

Бас дәрігер _____

20__ж. "___" _____

Емдеу-алдын алу ұйымдарында пайдаланылмаған және
жартылай пайдаланылған ампулаларды жою
Актісі <*>

_____ қ. кімнен _____

Мына құрамдағы комиссия (кемінде 3 адам)

- 1) Т.А.Ә., емдеу-алдын алу ұйымы өкілінің қызметі;
- 2) Т.А.Ә., ішкі істер органы өкілінің қызметі;
- 3) Т.А.Ә., санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау өкілінің қызметі.

Есірткі заттары қолданылған науқастар (науқастың Т.А.Ә. және ауру тарихының N) санынан _____ мөлшерде _____ бастап _____ дейінгі мерзім ішінде есірткілік дәрілік заттардың пайдаланылған ампулаларын жоюды жүргізді. Ампулалар жаншу арқылы жойылды.

Төраға (қолы)

Комиссия мүшелері: (қолы)

(қолы)

(қолы)

<*> - Акт 3 жыл ішінде сақталады.

Емдеу-алдын алу ұйымдарында онкологиялық науқастар пайдаланбаған есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, прекурсорлар мен арнайы рецептуралық бланкілерді есептен шығару, жою Ережелеріне

3 қосымша

Қайтыс болған науқастардың туысқандары өткізген есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды жою актісі

_____ қ. кімнен _____

Мына құрамдағы комиссия (кемінде 3 адам)

- Т.А.Ә., емдеу-алдын алу ұйымы өкілдерінің қызметі;
- Т.А.Ә., ішкі істер органы өкілінің қызметі;

Т.А.Ә., санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау өкілінің қызметі
үйде қайтыс болған науқастардың туысқандары өткізген, жарамды мерзімі
өткен, сондай-ақ шағылған және бүлінген есірткі құралдарын, психотроптық
заттар мен прекурсорларды _____ бастап _____ дейінгі мерзім ішінде
атаулар бойынша:

—
—

_____ ампулаларда, ұнтақтарда,
таблеткаларда (аталуын, мөлшерін, кімнен қабылданғанын Т.А.Ә.,
науқастың ауру тарихы N көрсету керек) жоюды жүргізді.

Дәрілер: ампулалар жаншу, ұнтақтар мен таблеткалар жағу жолымен
жойылды.

Төраға (қолы)

Комиссия мүшелері: (қолы)
(қ о л ы)

(қолы)

Қазақстан Республикасының Денсаулық
сақтау істері жөніндегі Агенттігі
төрағасының 2001 жылғы 11 мамырдағы
N 428 бұйрығымен бекітілген

"КЕЛІСІЛГЕН"

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
2001 ж. "___" _____

Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігінің Нашәқорлыққа және
есірткі бизнесіне қарсы күрес
жөніндегі комитеті төрағасының
м . а .

2001 ж. "___" _____

Бақылауға жататын есірткі құралдарын, психотроптық, улы
заттар мен прекурсорларды және құрамында осылар бар
дәрілік заттарды сынақ лабораторияларында
(орталықтарында) сақтау мен есепке алу
Ережелері

1. Құрамында II, III, IV Санаттардағы есірткі құралдары, психотроптық заттар
мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды (бұдан әрі мәтін бойынша II, III, IV
Санаттардағы дәрілік заттар) сақтау оларды есірткі құралдары, психотроптық
заттар мен прекурсорлар айналымы саласында пайдалануға рұқсат етілген
үй-жайларда жүзеге асырылады, бұл рұқсатты аумағында осы объектілер (

үй-жайлар) орналасқан ішкі істер органдары, аумақтық лицензиялық-рұқсат беру бөлімдері (бөлімшелері, топтары) береді.

2. Есірткі құралдарын, психотроптық, улы заттар мен прекурсорларды сақтау үшін жауапкершілік лабораторияның (орталықтың) бірінші басшысына жүктеледі.

3. Есірткі құралдарымен, психотроптық, улы заттармен және прекурсорлармен жұмысқа жіберілетін адамдардың тізімі ұйым бойынша бұйрықпен ресімделеді.

Қол жеткізетін адамдарда тиісті тексеру туралы ішкі істер органдарының қорытындысы, нашақорлықпен, уытқұмарлықпен, созылмалы алкоголизммен ауыруының жоқтығы туралы психиатр мен наркологтың қорытындысы болуға қажет.

Есірткі құралдары, психотроптық, улы заттар мен прекурсорлар сақталатын бөлмеге кіру олармен тікелей жұмыс істейтін адамдарға рұқсат етіледі.

4. Анализге тапсырылған есірткі құралдары, психотроптық, улы заттар мен прекурсорлар арнайы жабдықталған үй-жайларда, сейфте сақталуға тиіс.

Сейф кілттері есірткі құралдарымен, психотроптық, улы заттармен және прекурсорлармен жұмыс істеуге бұйрықпен жауапты болып тағайындалған адамда болады.

Жұмыс күнінің аяғында бөлме мен сейфке мөр соғылады немесе пломбыланады. Талдаушыға анализ үшін берілген құрамында есірткі құралдары, психотроптық, улы заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттар құлыпталып, басқа дәрілік заттардан оқшау сақталады.

Құрамында улы заттар мен прекурсорлар бар реактивтер құлыпталып сақталуға тиіс.

5. Дәріхана ұйымынан (дәріхана қоймасы, дәріханалар, өнеркәсіптік өндірістер) талдамаға келіп түскен есірткі құралдары, психотроптық, улы заттар мен прекурсорлар және құрамына осылар кіретін дәрілік заттар анализ аяқталғаннан кейін 3 ай бойы сақталады, бұдан соң олардың қалдықтары өткізу-қабылдау актісі бойынша осы заттар алынған дәріхана ұйымдарына қайтарылады (осы Ережелерге 4 қосымша).

6. Құрамында есірткі құралдары, психотроптық, улы заттар мен прекурсорлар бар, дәріхана жағдайларында дайындалған анализден қалған дәрілік заттар қалдықтары 20 күн бойы сақталады.

7. Бүлінген есірткі құралдарын, психотроптық, улы заттар мен прекурсорларды сақтау мерзімі өткеннен кейін, сондай-ақ анализ қалдықтарын (6-т) сақтау мерзімі аяқталғаннан соң жоғары тұрған ұйым, ішкі істер мен санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының өкілдері тартыла отырып, сынақ лабораториясы (орталығы) жанында құрылған комиссия жояды.

Жоюға акт жасалады (осы Ережелерге 3 қосымша).

8. Дәрілік түріне қарамастан, лабораторияға анализге түскен, құрамында II, III, IV, V Санаттардағы есірткі құралдары, психотроптық, улы заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттар лицензиар-органның жауапты адамының мөрімен және қолымен бекітілген (осы Ережелерге 1 қосымша), жеке нөмірленген және тігілген журналдарда заттық-сандық есепке алуға жатады.

9. Қазақстан Республикасының аумағында бақылауға жататын құрамында есірткі құралдары, психотроптық, улы заттар мен прекурсорлар бар реактивтер нөмірленген, тігілген, жауапты лицензиар-орган мөрімен және қолымен бекітілген (осы Ережелерге 2 қосымша) есепке алу журналында заттық-сандық е с е п к е а л у ғ а ж а т а д ы .

10. Есірткі құралдарының, психотроптық, улы заттар мен прекурсорлардың кірісі мен шығысы жөніндегі барлық құжаттар ағымдағы жылды есептемегенде, сақтау, есепке алу мен босату үшін жауапты адамда олардың сақталуына бес жыл бойы толық кепілдік берілетін жағдайларда сақталады.

Бақылауға жататын есірткі құралдарын,
психотроптық, улы заттар мен прекурсорларды
және құрамында осылар бар дәрілік заттарды
сынақ лабораторияларында (орталықтарында)
сақтау мен есепке алу Ережелеріне

1 қосымша

Сынақ лабораториясының (орталығының) аталымы

Анализ үшін сынақ лабораториясына (орталығына) түскен
құрамында есірткі құралдары, психотроптық, улы заттар мен
прекурсорлар бар дәрілік заттарды есепке алу

КІТАБЫ

Заттардың аталымы _____

Өлшем бірлігі _____

—	—	—	—	—	К і р і с	Ш ы ғ ы с		
N	Түскен	Кімнен	Серия	Алын.	Сынақ	Мерзімі	Мөлшері	Алушының
p/	уақыты	алынды	N	ған	түрі			қолы
с				қ ұ ж а т			м ө л ш е .	
			N				р і	
							ө л ш е м	
							б і р л і г і	

1 2 3 4 5 6 7 8 9

- - - - -

- - - - -

к е с т е н і ң ж а л ғ а с ы

- - - - -

Анализге Сынақ Толты. Анализ Анализ. Қалдық. Ш ы ғ ы с
шығын. тәсілі, ырылған қорытын. ден ты Дәріхана Лабора.
далған сынақ. уақыты дысы қалған. қабыл. ұйымына тория
мөлшер тар мен дары даушы. өткізу меңгеру.
саны талдау. ның жою шісінің
шының қолы қолы қолы
қолхаты белгі,
с а н ы ,
а к т N

10 11 12 13 14 15 16 17

- - - - -

- - - - -

Бақылауға жататын есірткі құралдарын,
психотроптық, улы заттар мен прекурсорларды
және құрамында осылар бар дәрілік заттарды
сынақ лабораторияларында (орталықтарында)
сақтау мен есепке алу Ережелеріне

2 қосымша

Сынақ лабораторияларында (орталықтарында) бақылауға
жататын құрамында есірткі құралдары, психотроптық, улы

заттар мен прекурсорлар бар реактивтерді есепке алу
журналы
Лабораторияның атауы _____

К і р і с Ш ы ғ ы с
Түскен Қайдан Мөлшері Мерзімі Шығын. Мөлше. Алушы. Босату. Қалды.
уақыты алынды далғаны рі ның шының ғы
қ ұ ж а т N қ о л ы қ о л ы

1 2 3 4 5 6 7 8 9

Бақылауға жататын есірткі құралдарын,
психотроптық, улы заттар мен прекурсорларды
және құрамында осылар бар дәрілік заттарды
сынақ лабораторияларында (орталықтарында)
сақтау мен есепке алу Ережелеріне

3 қосымша

Сынақ лабораторияларында (орталықтарында) бүлінген есірткі
құралдарын, психотроптық, улы заттар мен прекурсорларды
және анализ қалдықтарын жою актісі

қ. _____ кімнен _____

Мына құрамдағы комиссия (кемінде 3 адам)

- 1) Т.А.Ә., сынақ лабораториясы (орталығы) өкілдерінің қызметі;
- 2) Т.А.Ә., ішкі істер органы өкілінің қызметі;
- 3) Т.А.Ә., санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау өкілінің қызметі

Бүлінген есірткі құралдарын, психотроптық, улы заттар мен
прекурсорларды және дәріхана ұйымдарындағы жүргізілген анализ қалдықтарын

_____ мөлшерде (жазбаша) _____ данада, грамдарда _____ бастап _____

дейінгі мерзім ішінде жоюды жүргізді. Ампулалар жаншу жолымен, ұнтақтар,
таблеткалар жағу жолымен жойылды.

Төраға (қолы)

Комиссия мүшелері: (қолы)

(қолы)

(қолы)

Бақылауға жататын есірткі құралдарын, психотроптық, улы заттар мен прекурсорларды және құрамында осылар бар дәрілік заттарды сынақ лабораторияларында (орталықтарында) сақтау мен есепке алу Ережелеріне

4 қосымша

Анализден қалған құрамында есірткі құралдары, психотроптық, улы заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды қабылдау-өткізу

актісі

қ. _____ " ____ " _____ 2000 ж.

Комиссия мынадай құрамда _____

_____ құжат бойынша сынақтар жүргізу үшін _____ (ұйымның аталымы)

_____ дәрілік заттар (дәрілік заттардың аталымы) берілгені

(жойылғаны) туралы осы актіні жасады.

Дәрілік заттардың қалдықтары _____ (ұйымның аталымы)

мынадай мөлшерде беріледі:

№ р/с	Дәрілік заттың аталымы	Серия жазбаша	Мөлшері
1	2	3	4

Өткізген және қабылдап алған комиссия мүшелерінің қолы:

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі Агенттігі төрағасының 2001 жылғы 11 мамырдағы

№ 428 бұйрығымен бекітілген

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы

2001 ж. " ____ " _____ министрі м.а _____ күрес жөніндегі комитеті
2001 ж. " ____ " _____ төрағасының м.а.
2001 ж. " ____ " _____

Бақылауға жататын есірткі құралдарын, психотроптық, улы заттар мен прекурсорларды және осылар құрамында бар дәрілік заттарды ғылыми-зерттеу институттары мен оқу орындарында сақтау, есепке алу

Ережелері

1. Құрамында II, III, IV Санаттардағы есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды (бұдан әрі мәтін бойынша II, III, IV Санаттардағы дәрілік заттар) сақтау оларды есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласында пайдалануға рұқсат етілген үй-жайларда жүзеге асырылады, бұл рұқсатты аумағында осы объектілер (үй-жайлар) орналасқан ішкі істер органдары, аумақтық лицензиялық-рұқсат беру бөлімдері (бөлімшелері, топтары) береді.

2. Есірткі құралдарының, психотроптық, улы заттар мен прекурсорлардың дұрыс сақталуы мен есепке алынуы үшін жауапкершілік ұйымның бірінші б а с ш ы с ы н а жү к т е л е д і .

3. Есірткі құралдарымен, психотроптық, улы заттармен және прекурсорлармен жұмысқа жіберілетін адамдардың тізімі ұйым бойынша б ұ й р ы қ п е н р е с і м д е л е д і .

Қол жеткізетін адамдарда тиісті тексеру туралы ішкі істер органдарының қорытындысы, нашақорлықпен, уытқұмарлықпен, созылмалы алкоголизммен ауыруының жоқтығы туралы психиатр мен наркологтың қорытындысы болуы қ а ж е т .

Есірткі құралдары, психотроптық, улы заттар мен прекурсорлар сақталатын бөлмеге кіруге олармен тікелей жұмыс істейтін адамдарға рұқсат етіледі.

4. Есірткі құралдары, психотроптық, улы заттар мен прекурсорлар арнайы жабдықталған бөлмедегі сейфтерде сақталуға тиіс.

Жұмыс аяқталғаннан кейін бөлме мен сейф мөрленуі немесе пломбылануы қ а ж е т .

Сейфтің кілті мен пломбылағыш есірткі құралдармен, психотроптық, улы заттармен, прекурсорлармен жұмыс үшін жауапты адамда болуға тиіс.

Құрамында улы заттар мен прекурсорлар бар реактивтер құлып салынып с а қ т а л у ы қ а ж е т .

5. Оқу орындарында студенттермен практикалық сабақтар өткізу үшін берілген есірткі құралдардың, психотроптық, улы заттар мен прекурсорлардың дұрыс пайдаланылуы үшін жауапкершілік ұйым бойынша бұйрықпен студенттермен практикалық сабақтарға жауапты оқытушыға жүктеледі.

Есірткі құралдарын, психотроптық, улы заттар мен прекурсорларды сабақ аяқталғаннан кейін аудиторияларда сақтауға рұқсат етілмейді.

6. Есірткі құралдары, психотроптық, улы заттар мен прекурсорлар келіп түскенде, ұйым басшысы алынған дәрілік заттардың бірге жіберілген құжаттарға сәйкестігін жеке өзі тексеруге міндетті.

7. Есірткі құралдарын, психотроптық, улы заттар мен прекурсорларды ағымдағы жұмыстар үшін босату тек ұйым басшысының жазбаша рұқсатымен, сол затты алатын адамның тегі мен қызметі көрсетіле отырып, ол қол қойған талап бойынша жүргізіледі (осы Ережелерге 1 қосымша).

8. Есірткі құралдарын, психотроптық, улы заттар мен прекурсорларды босатудың алдында олардың сақталуы үшін жауапты, бұйрықпен тағайындалған адам босату үшін дұрыс негіз бар екенін, бірге жіберілген құжаттың дұрыс ресімделуі мен орам сапасын жеке өзі тексеруге міндетті, одан кейін талаптар көшірмелеріне қолын қояды.

9. Есірткі құралдарын, психотроптық, улы заттар мен прекурсорларды есепке алу нөмірленген, тігілген, лицензиар-органның мөрімен және қолымен расталған жеке журналдарда жүргізіледі (осы Ережеге 2 қосымша).

10. Есірткі құралдарының, психотроптық, улы заттар мен прекурсорлардың кірісі мен шығысы жөніндегі құжаттар ағымдағы жылды есептемегенде бес жыл бойы, олардың сақталуы қамтамасыз етілген жағдайда сақтауға, есепке алуға және босатуға жауапты адамда сақталады.

Бақылауға жататын есірткі құралдарын,
психотроптық, улы заттар мен прекурсорларды
және осылар құрамында бар дәрілік заттарды
ғылыми-зерттеу институттары мен оқу
орындарында сақтау, есепке алу Ережелеріне

1 қосымша

Жұмысқа арналған есірткі құралдарына, психотроптық, улы
заттар мен прекурсорларға талап үлгісі

Ұйымның атауы _____

М ө р т а б а н

Босатылуға рұқсат етілген

Ұ й ы м б а с ш ы с ы

" ____ " _____ 20 __ ж. талап

Кімнен _____ (Т.А.Ә., алушының қызметі)
Қандай мақсаттарға (негіздеме) _____

№ р/к	Заттың аталымы	Өлшем	Талап	Босатылған бірлігі	Бағасы етілген көлемі	Сомасы жазбаша жазбаша
1	2	3	4	5	6	7

Талап етушінің Т.А.Ә. _____ қолы
Босатушының Т.А.Ә. _____ қолы
Алушының Т.А.Ә. _____ қолы

Бақылауға жататын есірткі құралдарын,
психотроптық, улы заттар мен прекурсорларды
және осылар құрамында бар дәрілік заттарды
ғылыми-зерттеу институттары мен оқу
орындарында сақтау, есепке алу Ережелеріне

2 қосымша

Ұйымның атауы _____
Ғылыми-зерттеу институттары мен оқу орындарында
есірткі құралдарын, психотроптық, улы заттар мен
прекурсорларды есепке алу

Журналы

Аталымы _____
Өлшем бірлігі _____

Алған мерзімі _____ Кіріс | Шығыс

Жет. Мөл. Мате. Беріл. Алған Қан. Алу. Беру. Қал.
кізіп шері риал. ген адам. дай Мөлше. шы. шінің дық
беру. дық мерзі. ның мақ. рі ның Т.А.
ші жауап. мі Т.А. сат. қолы Ә.
және ты Ә. тар. қолы
қ ұ ж а т а д а м . ғ а
н ө м і . н ы ң

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі Агенттігі төрағасының 2001 жылғы 11 мамырдағы

№ 428 бұйрығымен бекітілген

"КЕЛІСІЛГЕН"

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі
2001 ж. "___" _____

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитеті төрағасының

м . а .

2001 ж. "___" _____

Бақылауға жататын, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорлар ұстайтын дәріханалар мен емдеу-алдын алу ұйымдарынан талан-таражға салу мен ұрлау туралы Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитет пен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігіне ұсынылатын кезекті хабарлама үлгісі

№	Хабарлама мәтіні	Хабарлама мазмұны білдіруші	Мүдде	Ұсыну тәртібі
---	------------------	-----------------------------	-------	---------------

Дәріханалар мен емдеу-алдын алу ұйымдарынан құрамында есірткі құралдары, психотроптық	Мекеменің атауы мен мекен-жайы. Қолда бар есірткілік дәрілік заттардың сақталуын қамтамасыз ететін арнайы құралдар (күзет сигнализа.	Дәріхана, емдеу-алдын алу ұйымының басшысы: Т.А.Ә., тел. қызмет. тік, үй тел.	Төтенше хабарлама	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі ҚР комитетіне, көшірмесі ішкі
---	--	---	-------------------	---

заттар мен қиясы, ведомсто. тұратын істер аумақтық
прекурсорлар дан тыс күзет, мекен-жайы басқару
бар дәрілік сақтық күзет, органдарына
заттарды күзет жоқ). жолданып, ҚР
талан-таражға Ғимарат сипатта. Денсаулық сақтау
салу (ұрлау) масы (типтік жоба істері жөніндегі
туралы төтенше бойынша салынған, агенттігіне,
хабарлама бейімделген денсаулық сақтаудың
ғимарат, кірпіштен, аумақтық органда.
ағаштан салынған). рына жіберіледі.
Есірткілік дәрілік
заттарды сақтау
тәсілдері (арнайы
жабдықталған үй-
жайда, сейфте,
металл шкафта және
т.б.). Үй-жай
терезелеріндегі
торлар (бар, жоқ).
Ұрлық жасалған күн.
Қылмыскерлердің
үй-жайға өту тәсілі.
Ұрланған дәрілік
заттардың аталымы
мен олардың мөлшері.
Ішкі істер органда.
рына ұрлық туралы
хабарланған мерзім.
Ішкі істер органда.
рының объектіні
пайдалануға берген
рұқсаты.